

ЖОСПАР

I. Өзіндік мен құрамдымен құрылымының салалық айырмашылықтары.....	
II. Өнімнің жасалыстар мен қызметтердің өзіндік құнын бағдар мен элементтер бойынша қалыптастыратын корпорация шығындарының экономикалық жіктелуі.....	9
III. Тауарлы өндіріс пен өткізілетін өнім шығындарын жоспарлау.....	12
Қорытынды.....	21
Пайдаланылған әдебиеттер.....	22

I. Өзіндік құн құрамы мен құрылымының салалық айырмашылықтары

Өнімнің өзіндік құны - бұл кәсіпорынның өнім өндіруге жұмсаған ағымдағы шығындары. Ол ақшалай және натуралды заттай есептеледі. Өнімнің өзіндік құнына өнім өндіру өндіріс процесінде жұмсалған еңбек құралдары, еңбек заттары, және жұмыс күшінің құндары кіреді. Барлық шығындарды бір өлшемге келтіру үшін оны ақшалай есептейді.

Өнімнің өзіндік құнына шаруашылықтың әлеуметтік шығындары (балалар бақшасы, емхана, жатақхана, мектеп, клуб, т. б.) кірмейді.

Өнімнің өзіндік құнына қосымша қосылатын шығындар:

әлеуметтік сақтандыруға 37 % жалақы қорынан;

Банк кредитіне процент;

мемлекеттік тұрғындарды жұмыспен қамту қорына жалақы қорының 1 %;

i - міндетті медициналық сақтандыруға;

негізгі капиталды жұмысқа жарамды қалпында ұстауға келетін шығын;

айыптар, т. б. өскерішпеген өндірісті шығындар;

тәуелсіздікке, мамандар ұстауға қосымша шығындар. Нарықтық қатынастар толық енгенде, өзіндік құнға арендалық төлем, капиталға процент, кәсіпкерлік пайданың минималды мөлшері кіруі керек. Ол жағдайда өзіндік құн экономикалық шығындар деп аталады немесе маркетингтік теория бойынша құн деуге болады. Жалпы алғанда кәсіпкер кепілді табыс табу үшін өзіндік құнды емес, экономикалық шығынды есептеуі керек.

Өнімнің өзіндік құны, тауарға баға тағайындаудың базасы және пайданың болашақ мөлшерін айқындайтын инструмент.

Өнімнің өзіндік құны өндіру сатыларына байланысты: цехтық, фабрика- зауыттық немесе өндірістік және толық өзіндік құн болып бөлінеді.

Өнімнің цехтық өзіндік құны - бұл өнім өндіретін өнімге, цехта, учаскілерде, бригадаларда шыққан шығын кіреді.

Фабрика - зауыттық немесе өндірістік өзіндік құн - бұл цехтық шығындар + жалпы зауыттық өндірістік шығындар.

Өндірістік өзіндік құн = цехтық өзіндік құны + жалпы өндірістік шығын.

$$\Theta\Theta\text{Қ} = (\text{Ц}\Theta\text{Қ} + \text{ЖШ})$$

Жалпы өндірістің шығын (+ $\Theta_{\text{жал}}$) коэффициенті арқылы бөлінеді. Мысалы, цехтың шығынға шаққандағы жалпы өндірістік шығынның коэффициентіне 0,5 болса $\Theta\ThetaҚ = 1 + 0,5 = 1,5$ ЦӨҚ.

Өнімнің толық өзіндік құны өндірістік өзіндік құн қосу өнімді өткізуге кететін шығындар.

Толық өзіндік құн = өндірістік өзіндік құн (1 + 0,03) немесе ТӨҚ = $\Theta\ThetaҚ (1 + 0,03)$.

Мұндағы 0,03 коэффициенті өндіріспен байланысы жоқ шығындар мөлшері өнімнің өзіндік құнын қолдану мақсатына қарай (жоспарлау, есептеу, талдау, т.б.) бірнеше түрлерге бөлінеді: өнімнің жалпы, тауарлы немесе сатылған өнімдердің өзіндік құны, салыстыратын өнімнің өзіндік құны, өнім бірлігінің өзіндік құны болып және тағы басқалай болып бөлінеді. Сонымен бірге өнімнің өзіндік құнын жоспарлы, болжамды (есеп), нақтылы деп бөледі.

Жоспарлы өзіндік құн - бұл қажетті шығындар, ғылым мен техника жетістігіне және ұйымдастыру жағдайымен байланысты.

Болжамды өзіндік құн - бұл техникалық - экономикалық есептер ескерілуі, қандай жаңалықтар енгізілгенің, т.б. ғылыми жетістіктерді ескереді.

Нақтылы өзіндік құн - бұл барлық өнімге шаққан нақты шығындар және өнім бірлігіне шаққандағы өзіндік құн.

Кәсіпорынның іс-әрекетіндегі басты көрсеткіштердің бірі - өнімнің өзіндік құны. Бұл өнімді өндіруге және оны сатудағы ақпаратты нысанында көрсетілетін шығындардың жиынтығы. Сөйтіп, жалпы өндірістік тиімділігін анықтайды.

Өзіндік құнның экономикалық мазмұны - жұмсалған шығындардың орын толтыру және соның есебінен өндіретін барлық элементтердегі жай ұдайы өндірісті, өндірістік жұрларды және жұмыс күштерін қамтамасыз ету. Осы арада кәсіпорынның өзіндік құнының маңызды элементтері: амортизация, жұмсалған материалдық ресурстардың құны, еңбекақы - бұл шығындардың басты статьялары.

Сонымен қатар, кәсіпорын бір уақытта басқа да шығындарды іске асырады: өздерінің қызметкерлеріне сыйлық, банктік несиетке процент төлеу, әлеуметтік объектілерді ұстау, бюджеттен тыс жұрларға аударым жарналарын жасау - бұл шығындар кәсіпорынның қосымша шығындарын құрайды.

Өзіндік құн тиімділіктің мынадай маңызды көрсеткіштері пайда және пайдалылығының деңгейі мен серпінін анықтайды. Өзіндік құнның маңызы оның орындалу функцияларымен анықталады.

Өзіндік құн өнім құнының кең бөлігі болып табылады. Мұның мәнісі өнімнің өзіндік құны арқылы өндіріс қаражаттарын жұмсауды қамтамасыз етеді.

Өзіндік құн көтерме сауда базасын қалыптастырудың негізі болып табылады, оның есепсіз жүргізілуі базаның құрылуына негіздеме бола алмайды.


3. Өзіндік құнның негізінде пайданы, кейбір бұйымдардың пайдалылығын, яғни оларды шығарудың мақсатқа сай екендігін есептеу.

1.1 КЕСТЕ. Кәсіпорынның өзіндік құны, жалпы табысы және пайдасы

	Жалпы табыс	
Материялық шығындар	Еңбекақы	Пайда
Өндірістің шығындары (өзіндік құн)		Таза табыс
Өткізу көлемі		

Бұл айтылғандардан өнімнің өзіндік құнына деген көзқарасты төмендетуге болмайтындығын көруге болмайды. Өзіндік құнның деңгейіне кәсіпорынға қатысы бар және қатысы жоқ факторлар ықпал етеді. Мысалы, кәсіпорынға табиғи жағдайлар, оның ішінде шикізат көздерін және өнім тұтынушыларда территориялық қашықтығы, шикізатқа баға деңгейі, отын, жабдықтар, электроэнергия және көлік тарифтері және т. б.

Өнімнің өзіндік құнын төмендету резервтерінің сыныптамаcы



Өнімнің өзіндік құнын құрайтын шығындар екі негізгі белгілерімен топтастырылады:

Шығындардың бастапқы элементтерімен; пайда болу және міндет жүктеу сипатымен. Экономикалық элементтердің шығыстарын топтастыру ендіріс шығындар сметасын дайындағанда қолданылады. Бұл топтастырудың мәні - әрбір шығынның элементі өнімнің өзіндік құнының жиынтығына қосылады. Сонымен, мына төмендегі шығын элементтері бөлінеді:

- материалдық шығындар (қайтарылма қалдықтар құрамынан шегеру);
- еңбекке және жұмсалған шығындар;
- әлеуметтік сақтандыруға аударым;
- зейнетақы қорына аударым;
- жұмыспен қамтылу қорына аударым;
- амортизация;
- басқа да шығындар.

Өнімнің өзіндік құнын талдау жасау үшін ең алдымен сметалық шығындар мен калькуляциялық статьялар арасындағы байланысты бөлу керек.

1.2 КЕСТЕ. Калькуляциялық статьялары мен смета шығындары байланысы

Калькуляциялық статьялар	Шығын элементтері						
	Шығын материал бағасымен алынған заттар, тоқу-фабрикалар	Қосалқы материалдар	Негізгі қосымша шығындар	Өлеу шығындары	Сметалық шығындар	Сметалық шығындар	Негізгі материал шығындары
Шығын, негізгі материалдар	+						
Салынған алынған заттар, тоқу-фабрикалар	+						
Үлкен шығын материал шығындары							
Шығын үлкен шығын шығындары үшін						+	
Өндіріс шығын шығындары үшін негізгі шығындар			+	+			
Өндірісті дамыту, жұмыс шығындары		+	+	+	+	+	+
Жабдығын алып қалу, материал шығындары		+	+	+	+	+	+
Цехтік шығындар		+	+	+	+	+	+
Жалпы жұмысқа шығын материал шығындары үшін шығындар		+	+	+	+	+	+
Өндіріс шығын шығындары үшін шығындар			+	+	+	+	+

Өнімнің өзіндік құнын талдау үшін өнім бірлігінің өзіндік құнының құрылымын зерттеу керек. (13 кесте)

13 КЕСТЕ. Өнім бірлігі өзіндік құнының құрылымы.

(қоспа бағаның және өлшеу бірлігі)	жоспар		отыр		Факттық, тәжір	
	тәжір	%	тәжір	%	үлшем	+ арттық шығын
Шикізаттар, негізгі жабдықтар, қалдық шығындар	280	24,8	280,4	25,2		+1,4
Салқынып қалған материалдар және цех фабрикалар	210	18,4	207	18,5	-3,0	
Ойынды өнім өзгерісі	82	7,3	84,5	7,4		+2,3
Негізгі материалдар шығынының шығындарының өзгерісі	114	10,3	111,5	10,0	-4,3	
Өндірістің қысқарту және ұзарту және шығыны	25	2,2	25,5	2,0	-1,5	
Жабдықтардың ұзарту және қысқарту шығындары	20,5	1,8,1	20,2	1,8,2	-3,0	
Цехтік шығындар	82	7,3	84	7,3		+2,0
Жалпы өндірістің шығыны	58	5,2	60	5,3		+2,0
Ақшаға және материалдарға шығын	28	2,5	24	2,1	-4,0	
Браксыз шығын	14	1,4	15	1,3	-1,0	
Басқару шығындарының шығыны	3,5	0,3	3,0	0,3	-0,5	
Барлық өзіндік шығын	1105,5	98,0	1095,9	97,8	-17,5	+7,9
Жоспар сыртқа шығыны	23,0	2,0	21,	2,2	-2,0	
Толық өзіндік құн	1128,5	100	1114,9	100	-11,4	

Өнімнің өзіндік құнын жоспарлауда оның келу мүмкіндігін және өндіріске шығын мен қор жинау деңгейінің оптималды варианты көзделуі керек. Өнімнің өзіндік құнын жоспарлау күнделікті немесе ағымдағы және болашақтағы болып екіге бөлінеді.

Болашаққа жоспарлау бірнеше жылды қамтиды. Ал ағымдағы немесе күнделікті шығынды жоспарлауда болашақтық жоспардың көрсеткіштерін қайта тексеріп анықтайды.

Әртүрлі өнім шығаратын кәсіпорын өнімнің өзіндік құнын кеміру жоспарын салыстырмалы тауарлы өнімнің 1 теңгесіне шыққан өнім мөлшерімен теңестіреді. Жоспарлаудың бастапқы кезеңінде қандай факторлардың ықпалымен шығынның азайып кәбілгендігін талдау қорытындысынан анықтау керек. Базис жылындағы өнімнің өзіндік құны арқылы тауарлы өнімнің 1 теңгесіне шығатын шығында анықтау қажет. Мысалы, тауар сатылғаннан түскен түсім 1500 теңге, ал сатылған тауардың өзіндік құны 1200 теңге. Осыдан тауарлы өнімнің 1 теңгесіне шыққан шығын $(1200:1500) 80$ тиын немесе 0,8 теңге.

Жоспарлау жылындағы тауарлы өнімнің өзіндік құны базис жылындағы өзіндік құнның мөлшерімен және жоспарланған өндірістік өнімнің көтерме баға мөлшерімен байланысты.

Өнімнің өзіндік құнының салыстырмалы өнімге қарағанда келуін

жоспарлау өткен жылмен салыстырылып пайыз есебімен беріледі.

Егер өндірілген тауарлы өнімнің салыстырмалы тауарлары болмаса теңгелік тауар өнімнің шығынын анықтау үшін өндірілген тауардың көтерме баға деңгейіндегі көлемін жалпы немесе толық шығынға бөлу керек. Мысалы, зауыт аналогты жоқ немесе салыстырылмайтын тауар шығарды. Оның көтерме бағамен санағандағы құны 10 млн. теңге, ал жоспарлы шығын (өзіндік құны) 5 млн. теңге. Осыдан 1 теңгелік тауарлы өнімге шығатын шығын $(5:10) 0,5$ болады немесе әрбір теңге тауар өніміне шығатын шығын 0,5 теңге.

Өнімнің өзіндік құнын кеміту жолдары - бұл күнделікті ізденіс ойлау жұмыстары, барлығын ескеру мүлкін емес, бірақ барлық мүмкіндікті ескеруге ынталануы керек.

Егер материалдық ресурстардың бағасына, еңбек ресурсына шығындар өзгермейтін болса, ол уақытта өнімді көбейту тек қана өнімнің өзіндік құнын азайту арқылы іске асады. Ал ұйымдастыру-техникалық шараларды іске асыру жоспарын жасақтау, ішкі өндірістік резервтерді пайдалану мүмкіндіктерін талдау қорытындысына сүйеніп жасауды талап етеді.

Өзіндік құнды кемірудің ең басты жөздері еңбек ресурстары мен материалдық ресурстарды өнімді пайдалану. Ол еңбек өнімділігін арттырады немесе бір уақыт бірлігіне өнім шығару артады, ал екінші қайнар көзі материалдық шығындарды азайту.

Техникалық-экономикалық көрсеткіштерге ықпал жасайтын көп факторлардың ішінде мына іріленген топтарға тоқталайық:

- өндірістің техникалық деңгейін көтеру;
- өндіріс пен еңбек ұйымдастыруды жақсарту;
- өндірілетін өнімнің көлемін және номенклатура құрылымын өзгерту;

кооперативте жабдықтаудың ара салмағын арттыру, т.б. Бұл факторлардың әрбіреуі өте көп себептерден тұрады.

Солардың біреуіне тоқталайық. Өндірістің техникалық деңгейін арттыру үшін:

- еңбек құралдарын жетілдіру керек (прогрессивтік техниканы енгізу, жетілдірілген жабдықтардың ролін арттыру);
- еңбек заттарын жетілдіру (шкізаттың прогрессивтік түрін қолдану, сол сияқты материалдар мен құжаттарды пайдалану);
- шкізаттар мен материалдарды, жартылай шкізаттарды тиімді пайдалану;
- өндіріс процестерін комплексі механискалаңдыру және автоматтандыру.

Мысалы, өндірістік жабдықтарды үнемді пайдалану, өндірістік күші мол жабдықтарды пайдалану еңбек ресурстар шығынын азайтады, сонымен бірге амортизациялық қайтарымды көбейтеді, т. б.

II. Өнімнің жұмыстар мен қызметтердің өзіндік құнын баптар мен элементтер бойынша қалыптастыратын корпорация шығындарының экономикалық жіктелуі

Кәсіпорынның шығаратын тауарларының мөлшерін нарыққа ұсынуы, оны өндіруге кететін шығындарына және сол тауарлардың нарықта сатылатын бағаларына тікелей байланысты болады. Бұдан шығатын қорығанды, тауарларды өндіру және оны сатуға кететін шығындарды білу кәсіпорынның шаруашылық жүргізудегі тиімділігінің басты жағының бірі болып саналады.

Шығындар - бұл кәсіпорын өзінің өндіретін және қолмекенділік қызметін іске асыру үшін өндіріс факторларының ақшалай түріндегі шығындары. Өндіріс процесіндегі айқын шек қоятын шығындар және олардың маңызы мен практикалық қызметіндегі анықтайтын нәтижесі болып табылады. Кәсіпорын шығындары өндірістік белгісіне қарай 3 түрге бөлінеді:

1. Өзіндік құн құрайтын өнімдерді өндіру және сатуға кететін шығындар. Бұл капиталдың ауыспалы айналымы арқылы сатудан түскен ақшалай түсіңді жабатын ақылдағы шығындар;

2. Өндірісті ұстайтуға және жаңартуға кететін шығындар. Әдеттегідей, бұл жаңа немесе жаңғырағын өнімге жұмсалатын бір жолғы ірі күрделі қаржы шығындары;

3. Өндірістің әлеуметтік – мәдени, тұрғын үй, тұрмыстық қызмет көрсету және осыған ұқсас басқа да мұқтаждарға кететін шығындар. Олар негізінде пайданың есебінен бөлінетін арнаулы қорлардан қаржыландырылады.

1.4 КЕСТЕ. Өндірістік шығындардың жіктелуі

Сыныптау белгілері	Шығындардың белгішестелуі
1. Экономикалық элементтер	Шығындардың экономикалық элементтері Өндіріс құрамына кіретін элементтер
2. Өндіріс құрамына кіретін элементтер	Негізгі құрамына
3. Төлеу негізіндегі процестер	Бір не негізіндегі төлеулер
4. Құрамы	Түптепкі құрамына
5. Өндіріс өзінің құрамына кіретін элементтері	Өндірістік, өндіріс элементтері Өндірістік, өндіріс элементтері
6. Өндірістік процестер	Жоспарланған процестер
7. Мақсаттарға бағытталу	Тұрақты мақсаттар
8. Жоспарланған мақсаттар	Күрделілігі бірнеше
9. Өндіріс өзінің құрамына кіретін элементтері	Ақпараттық өзінің құрамына кіретін элементтері
10. Шығу негізіндегі	Дәлелденген шығындар
11. Дәлелденген мақсаттар	

Практикалық маңызы болатын ең тұрақты және ауыспалы шығындарға бөлу. Тұрақты шығындар осы кезеңдегі уақыт ішіндегі сомасы өнімді өндіру және оны сатуына тәуелсіз, құрылымна тікелей тәуелді болмайды. Тұрақты шығындарға жататындар: міндетті заңдық ақылар, есепті төлемдер, ғимараттар және жабдықтардың амортизациясы, сақтандыру журналдары және т.б.

Ауыспалы шығындар - бұл осы кезеңдегі уақытта өнімді өндірудің мөлшеріне және сатылуына тәуелді болмайтын шығындар. Мысалы, еңбекақы шығындары, шикізаттар, отын, энергия, көлік қызметі және т.б. Тұрақты және ауыспалы шығындардың арасындағы айырмашылықтың елеулі маңызы бар. Тұрақты шығындар керек десе, жалпы алғанда, өндірілмеген өнімге де төленуге тиісті, ал ауыспалы шығындармен кәсіпкер өндіріс көлемін өзгерту жолымен басқаруы мүмкін.

Шығындар экономикалық және бухгалтерлік болып ажыратылады. Экономикалық шығындар деп кәсіпорынның ресурстарды пайдаланғаны үшін жеткізушілерге төлейтін төлемдердің барлық түрлерін айтады. Олар екі түрден тұрады: сыртқы (анық немесе ақшалық) және ішкі (күңгірттік немесе өзінен - өзі түсінікті). Сыртқы шығындар - бұл ресурстарды жеткізушілерге ақшалай түріндегі төлемдері; шикізаттар төлемдері; материалдар; отын; тозуды есептеу және т.б. Бұл топтағы шығындар бухгалтерлік шығындарға жатады. Кәсіпорынның ішкі шығындары күңгірт, өзінен өзі түсінікті сипаттамада болады. Олар кәсіпорын иелерінің қарамағындағы ресурстарды өндірісте пайдаланғанын нақтылап көрсетеді: жерді, ғимараттарды, олардың жеке еңбектері және т.б. үшін кәсіпорын ресми төлемейді.

Шығындарды өзінің экономикалық маңызына, мазмұнына қарай топтайды. Шығынның элементтік классификациясы мынадай шығын элементтеріне бөлінеді:

- "өндірістік қалдықты алып тастағандағы шикізат және негізгі материалдар элементі";
- "сатылып алынған комплекттік бұйымдар және полубабрикаттар";
- "ирсалқы материалдар";
- "отындар";
- "энергиялар";
- "жалақы қоры";
- "элеуметтік сақтандыруға бөлу";
- "негізгі капиталдың амортизациясы";
- "негізгі капиталды жұмысқа жарамды қалпында ұстауға кететін (күрделі, жылындағы) шығындар";
- "басқалай шығындар".

Шығындарды өнім бірлігіне жатқызуға қарай тікелей және жанама шығын деп бөледі.

Тікелей шығындар - бұл өнім өндіруге арнаулы мақсатты шығындар.

Жанама шығындар - тікелей өнім өндіруге қатынасы жоқ, бірақ ол шығынсыз өндіріс ұйымдаспайды. Ол шығындар жалпы "өндірістік шығын"

арнаулы методикамен әртүрлі өндiрiсiтiсiн өнiм бiрлiгiне бөлiнедi.

Шығынды экономикалық мазмұнына қарай калькуляциялық (есептеу) статьялары бойынша " негiзгi шығындар" және "қосымша шығындар" деп бөлiнедi.

"Негiзгi шығындар" өнiм өндiрумен тiкелей байланысты шығындар, ал "қосымша шығындар" бұл өндiрiсiтi техникалық даярлау, басқару, ұйымдастыру шығындары және басқалар.

Өнiмнiң көлемiнiң өсуiмен байланысты өндiрiсiтiк шығындар пропорционалды (шартты - ауыспалы) және пропорционалдық емес (шартты - тұрақты) болып бөлiнедi.

Шартты ауыспалы шығындар өнiм өндiру көлемi өссе өседi немесе кемидi, яғни тiкe пропорционалды. Оған шикiзаттар, негiзгi материалдар, отын шығыны, энергия және т.б.

Шартты - тұрақты шығындар ол өнiм көлемiнiң азаю, көбеюiне байланысты емес: жылтуға, жарыққа, амортизацияға, т.б. шыққан шығындар.

Болжамды шығындарды есептеу үшін калькуляция (есептер) негiзiнде ағымдағы және болашақтағы шығындар деп бөлiнедi.

Ағымдағы шығындарға нормативтi және сметалық калькуляция жатады. Нормативтi калькуляция барлық барлық өнiмдер түрлерiне нормалық шығындар негiзiнде жасақталады, ал сметалық калькуляция жаңадан игерiлетiн өнiмге жоспарда қаралмаған нормалар болғандықтан смета жасалады, өнiмге жаңа нормативтi шығындар анықталады.

Ал жоспарлы калькуляция нормалы шығындардың қосындысы ол жоспарлы шығындар мен жоспарлы пайданы байланыстырады. Ендi калькуляциялық статьялардың мiнездемесiн қарайық.

1.5 КЕСТЕ. Калькуляциялық статьялар мiнездемесi.

1 Статьялар	Шикiзаттар және т.б.		Өндiрiсiтiк қалдықтар мен тiкiсiмдер		Өндiрiсiтiк және өнiмдер	
	Жалп.	Бұрама	Тiкiсiмдi	Жалп.	Пропорционалды	Пропорционалдық емес
Шикiзат, материалдар	+		+		+	
Салып алынған және жүргiзiлу бұйымдары мен құралдары	+		+		+	
Қайтарылған материалдар	+		+		+	
Тiкiсiмдер мен қалдықтар өткiзiлумен өзгертiлi (жұмыс)	+		+		+	
Өндiрiсi және өнiмдер мен өнiмдер	+		+		+	

Қосымша материал	+		+		+	
Өндірлетін қалдықтардың бөлуі (өткізгіштік)	+		+		+	
Өндірістің рентабельділігі және өнім шығыны		+	+		+	
Ақпарат жинақталуының тиімділігі (ақпараттық)		+	+		+	
Жабдықтау құрылымының сапалық және мөлшерлік шығындары		+		+	+	
Целиқ шығындар		+		+		+
Жалпы өндірістің сапалық шығындары		+		+		+

III. Тауарлы өндіріс пен өндіретін өнім шығындарын жоспарлау

Өндіріс шығындары жоспары, бұл жоспардың мақсаты - өндіріске кететін шығындардың көлемін анықтап, осы арқылы өндірістен алынатын пайданың көлемін табу және материалдық, еңбек және қаржы ресурстарын пайдалы түрде қолдану.

Кәсіпорынның даму жоспарының ең негізгі бөлімі - өнім шығару жоспары. Өнім шығару жоспарының көрсеткіштері - тауар өнімдерін өндірудің өсу жолдары, шығарылған өнімнің сапасы, өнім шығаруды арттыру.

Жоспардағы күн өлшеміндегі өнім көлемін анықтау үшін өнім шығару жоспарының табиғи өлшемдегі көрсеткіші қажет. Табиғи өлшемдерге - тонна, метр, кв/сағат, дана, комплект жатады. Өлшем бірліктері өндірістік ерекшеліктерін, жоғарғы сапалы және экономикалық тиімді өнімдерді шығару жолдарын, материал, еңбек, қаржы ресурстарын үнемдеу жолдарын қамтуы керек.

Жоспарда берілген өлшем бірліктер жоспарлау мен өндірісті ұйымдастырудың барлық бөлімдері үшін міндетті түрде сақталуы керек. Бұл белгіленген ассортиментте келісім бойынша жабдықтау жоспарын орындауға және өндірістік бағдарламаны өнімнің сапа көрсеткіштерімен байланыстыруда аса қажет.

Өнім шығару жоспарының маңызды бір бөлігі - өнімнің сапасын арттыру. Өнім сапасы өзінің техникалық-экономикалық көрсеткіштерімен, еліміздегі және шетелдердегі техниканың жоғарғы жетістіктеріне сай болуы керек. Өнім шығару жоспарында өндірісегі ескірген, қазіргі заман талабына сай емес, тұрып қалған өнімдерді шығаруды тоқтату жолдары қарастырылады. Сонымен қатар, шығарылатын өнімдердің стандарттарға сай болуы қарастырылады.

Сатылған өнімнің көлеміне байланысты, өндіріс салаларының бірлестіктер мен кәсіпорындардың іс-әрекеттері, жасап жатқан қызметтері анықталады. Сатылған өнімнің көлеміне кәсіпорынның балансында тұрған, сатуға дайындалған, төленуге тиісті дайын өнімдер, жартылай дайын және өзінің күрделі құрылысына жүргізілетін жұмыстар көлемі жатады.

Тауар өнімнің көлеміне сыртқа шығарылып сатылатын дайын өнімдердің және жартылай дайын өнімдердің құны; өнеркәсіп жұмыстарының құны (сырттан тапсырып беріп жасалынған) жатады.

Жалпы өнімнің көлемі жоспарланған уақытта белгіленген жұмыс көлемін қамтиды.

Таза өнімнің көлемі - тауар өнімнің көлемінен материалдық шығындар мен негізгі қорлардың тозуын (амортизациясын) алып тастау арқылы анықталады:

$$\text{Таза}_0 = T_0 - M_{\text{м}} + A_{0, \text{н}}$$

Мұндағы, $M_{\text{м}}$ - материалдық шығын;

$A_{0, \text{н}}$ - негізгі қорлардың тозуы. Өнімді өндіру мен өткізуге деген шығындарды жоспарлау ең алдымен кәсіпорынның баға саясатының тиімділігін анықтау үшін қажет. Мұндағы қажетті шарт болып айнымалы және тұрақты шығындарды жеке жоспарлау, өндірістік қорлардың көлемін анықтау табылады.

Тұрақты экономикалық жағдай кезінде айнымалы шығындарды жоспарлау ондай қиын емес және ол бірін-бірі толықтырушы әдістер арқылы жүзеге асырылады:

өнім бірлігіне деген эмперикалық норма шығындары бойынша;

өтіп кеткен мерзім ішіндегі өнімнің өзіндік құны жағындағы фактілі мәліметтер бойынша.

Шығарылатын өнімнің бірлігіне деген айнымалы шығындардың бекітілген нормалары шығару көлеміне деген шығындардың сомалық көлемін анықтауға көмектеседі.

Айнымалы шығындардың тұрақты құны кезіндегі олардың жалпы көлемі келесі формула арқылы есептеледі:

$$C = H * B,$$

Мұндағы, C - айнымалы шығындардың ақшалай түріндегі жоспарланған сомасы;

H - өнімнің бірлігіне деген ақшалай түрдегі шығын нормасы;

B - шығарылған өнімнің натуралды жағдайдағы жоспарлы көлемі.

Егер жоспарлау кезеңі есепті кезеңнің фактілі мәліметтеріне сүйенетін болса, онда айнымалы шығындардың жоспарланатын сомасы келесідей есептелуі мүмкін:

$$C_{\text{жп}} = C_{\text{ф}} = B_{\text{жп}}$$

Мұндағы, $C_{\text{жп}}$ - айнымалы шығындардың жоспарлы сомасы;

$C_{\text{ф}}$ - есепті кезеңдегі айнымалы шығындардың фактілі сомасы;

$B_{\text{жп}}$ - шығарылған өнімнің натуралды түріндегі жоспарлы көлемі;

$B_{\text{ф}}$ - есепті кезеңдегі шығарылған өнімнің натуралды түріндегі фактілі көлемі.

Егер есепті кезеңде өнімнің бірлігіне деген шығындардың нормалары сақталса, онда айнымалы шығындардың жоспарлы мөлшері бірінші әдіс бойынша есептелгені екінші әдіспен есептелгеніне қарағанда идентикалы болып келеді. Айнымалы шығындардың жоспарлы мөлшерлерінің арасындағы шығындар нормасы кезіндегі анықталған есепті мәліметтер мен шығындардың жоспарлы мөлшерінің оңтайлы айырмашылығы олардың есепті кезеңдегі қайта шығындалуы туралы куәландырады.

Теріс айырмашылығы үнемдеуді көздейді және сәйкесінше кәсіпорынның басшысына шығындар нормасының қайта қаралуының мүмкіндігі туралы белгі береді. Егер кәсіпорын айнымалы шығындарды жоспарлау кезінде өсімнің болашақ шығарылымның қанша болатындығы туралы өз алдына елестетіп отырса, онда фактілі өндірістігі өндірістік бағдарламалардың қандай да болмасын корректировкасы өзіндік құнның не өсуіне, не кемуіне әсер етпейді. Себебі, бұл өзгертулер шығындардың бекітілген нормаларына әсер етпейді.

Тұрақсыз экономикалық жағдайда шығындарды жоспарлау қиына түседі. Бұл жағдайларда бірінші орында айнымалы шығындардың құнының ағымдағы бағасы және инфляция деңгейіне байланысты тарату құнының өзгертулері тұрады. Осыдан инфляциялық өзгермелі құндар мен басқа да баға қалыптастырушы факторлар арасында қайшылықтар болуы мүмкін. Мысалы, тұтынушылардың төлем қабілетілік сұранысының жағдайы немесе қатыездік бәсекелестік өндірушіге тарату құнын жоғарлатуға, жәни шегерімдердің өсуіне пропорционалды жоғарлауына тыйым салады.

Өнім шығарылым көлемінің не жоғарылауы, не төмендеуіне қарамастан тұрақты шығындар өзгермейді, тек оның өндірілген өнім бірлігіне деген салыстырмалы мөлшері өзгереді.

Егер тұрақты шығындардан бас тартсақ, онда айнымалы шығындардың өсуі өздерінің өзгермеген нормалары кезінде пайданың төмендеуіне әкелмейді.

Керісінше, пайда шығарылымның өсуіне пропорционалды түрде өседі (16 КЕСТЕ).

16 КЕСТЕ. Айнымалы және тұрақты шығындардың пайда мөлшеріне деген әсері, мың теңге.

		Жоспарлы шығаруға қатысатын әрбір шығаруға тиіс шығындар, мың теңге				
		100	150	200	250	300
1.	Өнім бірліктеріне өзіне	1,0	1,0	1,0	1,0	1,0
2.	Шығаруға қатысатын бірліктегі материал және өнімді шығаруға қатысатындар	0,4	0,4	0,4	0,4	0,4
3.	Жоспарлы шығаруға қатысатын материал және өнімді шығаруға қатысатындар	40	90	120	150	180
4.	Материал шығындары	40	40	80	100	120
5.	Тұрақты шығындары	40	40	40	40	40
6.	Шығаруға қатысатын бірліктегі материал және өнімді шығаруға қатысатындар	0,4	0,4	0,5	0,24	0,2
7.	Жалпы шығындар	-20	-	20	40	60

Айнымалы және тұрақты шығындардың пайда мөлшеріне деген әсері, мың теңге.

Тұрақты шығындарды жоспарлауда шешуші мән болып олардың шығарылым көлемімен өзара байланысы табылады. Шығарылымның көлеміндегі мәнді өзгертулер өнімнің өзіндік құнында да өзгертулерді енгізуі мүмкін. Басқаша айтқанда, өндірістік белсенділік деңгейі өнім бірлігінің өзіндік құнына әсер етуші негізгі фактор болып табылады. Тұрақты шығындардың өзгермеген жағдайларында да кәсіпорын шығарылым көлемінің байланыстылығынан әртүрлі қаржылық нәтиже алуына болады. Біздің мысалымызда зияннан - 100 бірлікті шығарған кезде, пайдаға дейін - 150 бірліктен аса көп өндіргенде.

Сонымен, тұрақты шығындарды жоспарлау кезінде кәсіпорын келесідей міндеттерді шешуі керек:

айнымалы және тұрақты шығындардың сатып алу қабілеттілігіне қол жеткізгендегі өнімнің шығару және сату көлемдерінің қажеттілігін анықтау;

тұрақты шығындардың қажетті мөлшерінің есебі және олардың нақты өндіріс мүмкінділіктерімен салыстырмалылығы.

Өнімді шығарудың минималды көлемін анықтау үшін тиімділік шек көрсеткіші қолданылады:

Тиімділік шегі = тұрақты шығындар / таратудан түскен пайда - салыстырмалы мөлшердегі айнымалы шығындар

Мысалы: Салыстырмалы мөлшердегі айнымалы шығындар - 0,4 мың теңге, айнымалы шығындарды шегергендегі сатудан түскен пайда - 40 мың теңге немесе 0,4 (40/100).


Сөйкесінше, тиімділік шегі тең: $600,4 = 150$ мың теңге.

Келтірілген мысалда, кәсіпорын тек өнімді 150 мың теңгеден жоғары шығарып, өткізгенде ғана оң қаржылық нәтижеге қол жеткізеді.

Шығару көлемі жоғары болған сайын, оның нәтижесі тартымды болады.

График түрінде ол келесідей:

Ағылдардағы шығындар



Сурет. 1. Шығындардың өтемі үшін ең төменгі өнім шығарылуының анықталуы.

Тұрақты шығындарды жоспарлау үшін күтіліп отырған шығарылым, өндірістік тапсырыстар және өндірістік мүмкіншіліктер туралы максималды ақпарат және олардың таңданған құрылымының жете таңдануы қажет.

Тұрақты шығындар өндіріс көлеміне әсер етпейтін факторлар әрекетіне байланысты өзгерулері мүмкін. Өзгерістер ең алдымен сыртқы шарттар әсерімен болуы мүмкін. Баға мен тарифтердің көтерілуі, негізгі қорлардың қайта бағалануы, амортизациялық шығерімдердің нормаларының өзгерісі және т.с.с.

Сыртқы факторлардың әсері жоспарлауға тәуелді емес, сондықтан кәсіпорынның қаржылық қызметі өзіндік құнның тербелісін жедел түрде бақылап отыруы және күдікті келісіліктер байқалған жағдайда басшының алдында өткізу бағасының көтерілуі туралы шешім қабылдауы керек.

Кәсіпорынның мүмкіншіліктері шегінде тұрақты және айнымалы шығындар арасындағы қатынасты өзгерту арқылы пайда мөлшерін оңтайландыру мәселесін шешуге болады. Мұндай байланыс өндірістік тұтқа эффектісі де аталады.

Өндірістік тұтқа эффектісі тек өз күшіне енгенде ғана көрінеді. Өндірістік тұтқа әсерінің күші келесі формуламен анықталады:

Өндірістік тұтқа әсерінің күші - Таратудан түскен пайда айнымалы шығындар \(\frac{\text{Таратудан түскен түсім}}{\text{...}}

Өндірістік тұтқа әсерінің күшін біздің мысалымыз арқылы анықтаймыз: $200 - 120 \div 20 = 4$

Өнімді сатудан түскен пайда мен өндірістік тұтқа әсер ету күшінің жоғарылауы туралы біле отырып, өнімнің шығару көлемін ұлғайту арқылы одан түсетін пайда көтерілуін тікелей әдіспен анықтауға болады. Мысалы, егер өнімді сатудан түскен пайда 200 ден 300 мың теңгеге немесе 50% -ға өссе, онда түсім 20 дан 60 мың теңгеге өседі немесе 200% -ға ($50\% * 4$).

Өндірістік тұтқаға әсер етуші күш көрсеткіші өнімді сатудан түскен пайда өсімінің 1%-тік түсімінің көбейгенін анықтайды. Шынында да, жалпы шығындар құрамындағы тұрақты шығындар үлесі көп болған сайын, өндірістік тұтқа әсерінің күші жоғары болмақ. Сонымен қатар, өнімді қаржылық нәтижелерге қол жеткізу үшін тек қана шығындар өлшемін нақты түрде жоспарлау қажет емес, сондай-ақ олардың рационалды құрылысын анықтау қажет.

Ағылдағы шығындарды қалыптастыруда нақты экономикалық жағдай үшін келетін варианттардың дұрыс және кең көлемде сайлануы кәсіпорын үшін сол кәсіпорынның қаржылық қызметіндегі негізгі мәселелердің бірі болып табылады.

Отандық тәжірибеде өнімнің өндірісі мен сатуына деген және олардың экономикалық мазмұнына деген шығындар, олардың, яғни шығындардың элементтері арқылы жоспарланады. Шығындардың элементтерге топтастырылуы қаржылық жоспарлау және

бюджетпен қарым-қатынасын анықтауда үлкен маңызға ие болады. Фирмашілік жоспарлау шеңберінде ол қаржылық басқару мақсаттарына қажет болып келеді. Түсімді алысымен үздіксіз өндірістің процесін қамтамасыз ету үшін ағымдағы активтер формасындағы өндірістік қорлар қайта құрылады. Элементтер бойынша шығындарды жоспарлау өндіріске деген шығындар сметасы көмегімен жүзеге асырылады. Өнімді өндіру мен өткізуге кететін шығындар сметасы келесі кестеде көрсетілген (1.7 КЕСТЕ).

1.7 КЕСТЕ. Өнімді өндіру мен өткізуге кететін шығындар сметасы

	Шығын элементтерінің аталуы	Сомасы, мың. теңге
1.	Материалдық шығындар, соның ішінде шығындар мен материалдар сатып алынған шығындар отын энергия	7800 6800 50 40 110
2.	Еңбекке шығындар	2948
3.	Әлеуметтік қажеттіліктерге төлемдер, соның ішінде ҚР әлеуметтік сақтандыру қоры Зейнетақы қоры Жалпықты жұмыспен қамтудың мемлекеттік қоры	1150 159 826 59
	Міндетті медициналық сақтандыру қоры	106
4.	Амортизация	900
5.	Басқа да шығындар	350
6.	Өндірістегі шығындардың жиынтығы	13148

Тауарлы шығарылым бойынша шығындарды жоспарлау мен өнімді өткізуге кеткен шығындар жоспары байланысты.

Таратылған өнімнің жоспарлы шығын мөлшері келесі формуламен есептеледі:

$$Z_p = O_{\text{ж}} + C_{\text{ж}} + O_{\text{ж}}$$

Мұндағы, Z_p - толық жоспарлы өзіндік құны бойынша таратылған өнім шығындары; $C_{\text{ж}}$ - тауарлы шығарылымның толық жоспарлы өзіндік құны;

$O_{\text{ж}}$ - фактілі өндірістік өзіндік құны бойынша жаңа жоспарлы кезең басына қалған дайын таратылмаған өнім қалдығы. Оқп - жоспарлы өндірістік өзіндік құн бойынша жыл соңына, яғни жетік кезеңнің дайын таратылмаған өнім қалдықтары. Жоспарлы кезең есеті кезеңмен (жыл, квартал) сәйкес келуі керек, яғни ол кәсіпорынға болашақ салық төлемдерін және сәйкесінше ақшалай ресурстармен байланысты міндетті болашақ төлемдерді қамтамасыз ететініне мүмкіндік береді. Дайын өнімнің қалдығының құрылымы кәсіпорындағы өнімді өткізуден түскен түсімді есептеу әдісіне тәуелді.

Егер тарағу уақыты өнімді фактілі алып кететін күні болып саналса, онда дайын өнімнің таратылмаған қалдықтары жоспарлы кезеңнің басына деген қойма қорларындағы дайын өнімдерімен

сәйкес келеді. Жоспарлы кезең басына деген қалдық бағасы есептік кезеннің фактілі өндірістік өзіндік құны бойынша жүзеге асырылады. Өнімнің қалдық құрамындағы жоспарлы кезеннің соңына есептелетіні, тек жоспарлы өндірістік өзіндік құн бойынша дайын өнімнің қалдық жоспарлы мөлшері. Осыдан келе, яғни өнімді тарағудың бір күндік шығарылымынан өндірістік өзіндік құн және запас нормасының бір күнге есептелгені шығады.

Қорлардың бір күнге деген нормалары қандай да болмасын кәсіпорында дайын өнімнің комплектациясы мерзімінен бағдарлы түрде есептелуі мүмкін. Сонымен қатар, өнімнің қолда бар тапсырыстары бойынша алып кетуге құрылғандарының жиналуы және де дайын өнімнің күнделікті, яғни әр күндегі қалған қалдықтарының динамикалық есебінің мәліметтері бойынша есептеуге болады.

Бірақ қаржылық қызметтің рөлі өндірілетін өнімнің өзіндік құнын жоспарлаумен және өзгертумен шектелмейді. Мұндағы үлкен мәнге ие - бұл берілген көлемдегі өнім өндірудің қажеттіліктерін қамтамасыз етудегі өндірістік қорларды қалыптастырудағы жұмыс.

Экономикалық көзқарас тұрғысынан, өндірістік қорлар кәсіпорының қаржылық-экономикалық жағдайына екі жақты әсер етеді. Бір жағынан кәсіпорындар үлкен шикізат қорларын көлдене отырып, жабдықтаушыларды іздеуге және сатып-сатып алуға жүзеге асыру мүмкіндіктеріне ие болады. Шикізаттарды үлкен көлемде сатып алу арқылы үлкен жеңілдіктерге ил жеткізуге болады. Дайын өнімдердің қорлары тұтыну сұранымын тиімді қанағаттандыруға, кәсіпорына өндірістік жоспарды және маркетингтік шараларды құруға деген ерікті ұғынуына мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, дайын өнімнің үлкен қорларын құру үлкен тапсырыстарды орындаумен де байланысты. Басқаша айтқанда, үлкен қорларды құру барысында капиталдың уақытша "өлтірілуі" қалыптасады.

Қорларды сақтау мен тасымалдаудың қосымша ақша қаражаттарының шығындарымен де байланысты. Қосымша шығын өнімнің тозуы және капиталға деген пайданың жойылуы кезінде қалыптасады. Сондықтан, қорлардың және олардың мазмұнының қосымша шығындарынан асатын экономия мен пайданы көлемін анықтау маңызды. Дамыған қарықтық елдерде материалдық қорларды алудағы тапсырыстың жоғары экономикалық өлшемін анықтау үшін Уэлсон формуласы қолданылады:

$$Z = \sqrt{\frac{2PC}{B}}$$

Мұндағы, Z - қордың оптималды өлшемі; P - қордың шығыны; C - тапсырысты орындау құны; B - тапсырыс шығынының уақыты.

Мысал: Қордың шығыны - 2000 бірлік 100 күнге бір тапсырысты орындау құны - 100 мың теңге. Тапсырыстың жоғары экономикалық өлшемі: $Z = \sqrt{2 \cdot 2000 \cdot 100 : 100} = 200$ бірлік.

Сөйкесінше, қазіргі кездегі тапсырыстарды дұрыс орындауды қамтамасыз етуде кәсіпорын тапсырыстарды әр он күнге жасауы тиіс


(2000 : 200).

Егер қажетті әрлар ешқандай кешігулерсіз тапсырылып және алынып тұрса, онда өндірістік процестің тоқтап қалмайтынын ұстап қалу үшін кәсіпорын барлық жоспарланған өндірістік көлемге әорлануы өте қажет емес. Өйткені біздің мысалымыздай 10 күнге қорға не болу.

Бірақ тапсырысты орналастыру үшін әдеттегідей қандай да уақыт қажет. Мысалы, тапсырысты жеткізу уақыты 2 күн болса, онда кәсіпорын өзінің тапсырысын алдындағысын жеткізгеннен соң 8 күннен кейін кейін орналастыру қажет.

Тапсырыстың оптимальды өлшемін графикалық түрде көрсетейік.

Шығындар



Тапсырыс көлемі

Сурет 2.2. Тапсырыстың ең үнемді мөлшері¹

X нүктесі әрлармен байланысты жалпы шығындарды минимизациялайтын тапсырыстың оптимальды көлемін көрсетеді. X нүктесінен оң орналасқан тапсырысты орындауға кеткен шығынның төмендеуі әрлардың мазмұны бойынша қосымша шығындардан болып табылады. Тәжірибе жүзінде, шынайы түрде тауарлы-материалдық құндылықтарға деген анықтау мүмкін емес. Әсіресе, бұл тұрақсыз нарық жағдайында байқалады. Кейінде қалдырылған тік байланыстарда да шикізат жеткізушілердің және жабдықтаушылардың толықтай келісім шарттардың жеткізу графиктерін сақтауға кепілдік жоқ. Одан әрі, материалдық ресурстарға деген тұрақты дефициттің көрінісінің жағдайы мүмкін, ал бүлендірістік процестің тұрақтылығына кайшы келеді. Сөйкесінше, өнімнің өзіндік құнының алдын-ала есептерін жидқа шығарады, өйткені

¹ Балж Хоррде, К.Освенку, пракциялық фирмаларға М.: Финанс университетіне, 1994

шығарылымның жоспарланған көлемі тоқталады.

Кәсіпорын сақтандыру қорларын құру, олардың көлемін және құрылымын анықтау, яғни шығарылымның жоспарланған көлемін сақтау және өзінің қызметінің қаржылық көрсеткіштерінің тұрақтылығын қамтамасыз етуде қосымша шығындарды алдын - ала қарастыруы тиіс.

Сақтандыру қорының қолайлы көлемін анықтау, қорлар және сақтандыру қорларын, олардың өздерінен сақтау жөнінде қамтуы шығындары араларындағы мүмкін жетіспеушіліктерді іздеумен байланысты. Сондықтан, өндірістің мүмкін жағдайындағы барлық нәтижелерді талдау қажет: өнімнің бірлігіне деген тұрақты шығындардың салдарынан өзіндік құнның өсуі; ағымдағы, не болмаса болашақ сатудағы өнімдер көлемін жоғалту, яғни егер тұтынушы бәсекелестермен іскерлік қатынастар орнатса және т. с. с.

Өндірістің тоқтауындағы жағымсыз нәтижелер деңгейінің әсерінен кәсіпорын басшысы саналы түрде қосымша шығындарды шығара отырып, сақтандыру қорларының мөлшерлері жөнінде шешім қабылдайды.

Фирмалық жоспарлауға шығындардың түрлері, құрылымы және типтері бойынша детальді талдау қажет және жоспарлау максималды қаржылық нәтижелерге ил жетазулерге бағытталуы керек.

Қорытынды

Қорыта келгенде, өндіріс шығыны - бұл кәсіпорынның өнім өндіруге және өнімді сатуға кеткен барлық шығындарының сомасы, яғни өнімді өндіруге кеткен еңбек шығындарының жиынтығы.

Кәсіпорынның қызметін айқындайтын экономикалық көрсеткіштердің жиынтығы өнімнің өзіндік құны болып табылады. Бұл оның пайдаланылған өндіріс құралдарының шығынын және еңбекақы төлеуді қоса есептегендегі оның ақшаға айналдырылған құнының бір бөлігі.

Өнімнің өзіндік құны белгілі бір өнім мөлшерін өндірудің және сатудың кәсіпорынға қандағы түсетін көрсетеді. Өндірілген өнімді сатудан түскен қаржының есебінен өзіндік құнның құралына кірген өндірісте тұтынылған элементтер шығынының орны толтырылады, ал қалған қаржының бір бөлігі ұлғаймалы өндірісті дамытуға жұмсалады.

Өндіріс кәсіпнің негізі экономикалық санатының бірі бола отырып, өнімнің өзіндік құны кәсіпорынның экономикалық тиімділігін анықтайтын неғұрлым толық көрсеткіш болып саналады.

Өзіндік құнға жолдама жасағанда оған кеткен шығындарға мұқият талдау жасау, өндірісті дәл ұйымдастыру, техниканы және технологияны, материалдар мен шикізаттарды және т. б. материалдық ресурстардың барлық резервтерін табу, сөйтіп, өтімсіз еңбек шығындарын анықтау және алдыңғы қатарлы кәсіпорындардың өзіндік құнды азайту жөніндегі тәжірибелерін үйрену қажет.

Кәсіпорынның даму жоспарының ең негізгі бөлімі - өнім шығару

жоспары. Өнім шығару жоспарының көрсеткіштері - тауар өнімдерін өндірудің өсу жолдары, шығарылған өнімнің сапасы, өнім шығаруды арттыру.

Өнім шығару жоспарының маңызды бір бөлігі - өнімнің сапасын арттыру. Өнім сапасы өзінің техникалық-экономикалық көрсеткіштерімен, еліміздегі және шетелдердегі техниканың жоғарғы жетістіктеріне сай болуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бисенғазиев М.Б., Хамитов А.Ш. Кәсіпкерлік негіздері: Оқулық. Лекциялық курс. Орал: Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті баспасы, 2001
2. Жолдасбаева Г. Ө. Кәсіпорын экономикасы: Оқу құралы \- Алматы: Экономика, 2002.
- 3 Мейірбеков А. Қ., Әлімбетов Қ. Ө. Кәсіпорын экономикасы: Оқу құралы - Алматы: Экономика, 2003
- 4 Шеденов Ө. Қ., Жүнісов Б. И., Байжомартов Ч. С, Колчак Е. И. "Жалпы экономикалық теория". Оқулық \Жалпы редакциясын басқарған профессор Ө. Қ. Шеденов, Алматы - Ақтөбе, 2001
- 5 Шульк П. Н. Финансы предприятия: Учебник. -2-е изд. - М. : Издательский Дом "Дашков и К", 2000
- 6 Финансы предприятия: Учебник \Н. В. Колчина, Г. Б. Полик, Л. П. Павлова и др. ; Под. ред. проф. Н. В. Колчиной. - М. : ЮНИТИ,2002
- 7 Т. С.Рақыпжанұлы Экономика, қаржы-несие, банк, салық-кеден, сақтандыру, биржа және кәсіпкерлік ағауларының орысша -қазақша сөздігі. - Алматы: " Сөздік - Словарь", 1999